


Brother ТҮРЛІ-ТҮСТІ лазерлі құрылғыда тонер-картриджді ауыстыру бойынша нұсқаулар

Тонерді ауыстыру


Тонер-картриджді ауыстыру үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

ЕСКЕРТУ: төмендегі суреттерде сіздегі Brother үлгісінен өзгеше болуы мүмкін болған үлгі ретінде берілген құрылғы көрсетілген.


1. Құрылғы іске қосылғанын тексеріңіз.
2. Жоғарғы қақпақты ашық күйінде бекітілетіндей етіп ашыңыз.




3. Дисплейде көрсетілген түстегі фотобарабан және тонер-картридж түйінін шығарыңыз.




4. Бекіткіштің жасыл түсті тетігін төмен қарай басып, тонер-картриджді фотобарабаннан шығарып алыңыз.



5. Жаңа тонер-картриджді қорабынан шығарыңыз. Картриджді екі қолыңызбен көлденең күйінде ұстап тұрып, тонердің картридж ішінде бірқалыпты таралуын қамтамасыз ету үшін, картриджді екі жаққа шайқаңыз.




6. Қорғағыш қақпағын шешіп алыңыз.




4786666

7. Жаңа тонер-картриджді фотобарабанға орнына сырт етіп түсетіндей салыңыз. Дұрыс орнатылғанда фотобарабанды бұғаттайтын жасыл түсті тетік автоматты түрде көтеріледі.



8. Жасыл түсті сырғытпаны солдан оңға және оңнан солға қарай ақырын жылжыту арқылы фотобарабан ішіндегі тәжденген сымды тазалаңыз.





Сырғытпаны міндетті түрде бастапқы орнына қайтарыңыз (▲). Аяғындағы көрсеткі фотобарабандағы көрсеткімен бір сызықта болуы керек. Әйтпесе басып шығарылған беттерде тік жолақтар пайда болуы мүмкін.

9. Қалған үш тәжденген сымды тазалау үшін, 3–8 қадамдарды қайталаңыз.

10. Фотобарабан және тонер-картридждің құрылғы түйініне орнатыңыз.

Тонер-картридждің түсі құрылғыдағы түс белгісіне сәйкес келетінін тексеріңіз.



11. Құрылғының жоғарғы қақпағын жабыңыз.

